

**Е.Н.СОКОЛОВА**

# **МАТЕРИАЛТАНУ БАҚЫЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ**

*«Білім беруді дамытудың федералды институты»  
федералдық мемлекеттік мекемесі бастауыш  
кәсіптік білім беру бағдарламасын іске асыратын  
білім беруші мекемелердің оқу үдерісінде  
пайдалануға арналған оқу құралы ретінде ұсынған*

*«БДФИ» ФММ РЕЦЕНЗИЯСЫНЫҢ 2009Ж. 02 ШІЛДЕДЕГІ  
ТІРКЕУ НӨМІРІ 403*

**4- басылым, стереотипті**



Мәскеу

«Академия» баспа орталығы 2016

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес «ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19, «Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcbg.kz

Рецензент —

Мәскеу қ., «№ 31 политехникалық колледж» ОКБ МБМ материалдарды өңдеу технологиясының материалтану оқытушысы *А. М. Клубничкина*

**Соколова Е. Н.**

**С594 Материалтану : Бақылау материалдары : орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы / Е. Н. Соколова. — 4-басылым, стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2016. — 80 б.**

ISBN978-601-333-101-0 (каз.)

ISBN978-5-4468-3024-4 (рус.)

Оқу құралы техникалық кәсіптерге арналған жалпыкәсіптік цикл пәндері бойынша оқу-әдістемелік жиынтықтың бір бөлігі болып табылады.

«Материалтану» курсы бойынша тестілік тапсырмалар мен бақылау сұрақтары келтірілген.

Конструкциялық, құралдық және композициялық материалдар қарастырылды.

Орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӘОЖ

620.22(075.32)

КБЖ 30.3я722

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Осы оқу құралы техникалық кәсіптерге арналған жалпыкәсіптік цикл пәндері бойынша оқу-әдістемелік жиынтықтың бір бөлігі болып табылады.

Оқу құралы «Материалтану негіздері» жалпыкәсіптік пәнін оқытуға арналған.

Жаңа буынның оқу-әдістемелік жинақтары жалпы білім беретін пәндер мен жалпыкәсіптік пәндерді және кәсіптік модульдерді оқытуға мүмкіндік беретін дәстүрлі және инновациялық оқу материалдарынан тұрады. Әрбір жиынтық жалпы және кәсіптік құзыреттерді, оның ішінде жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып игеру үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдарынан, оқыту және бақылау құралдарынан тұрады.

Оқу тапсырмалары электронды білім беру ресурстарымен толықтырылады. Электронды ресурстар интерактивті жаттығулары мен жаттығу құрылғылары бар теориялық және практикалық модульдерден, мультимедиялық объектілерден, қосымша материалдар мен интернеттегі ресурстарға сілтемелерден тұрады. Олардың ішінде терминологиялық сөздік пен оқу үдерісінің негізгі параметрлері: жұмыс уақыты, бақылау және практикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері жазылатын электронды журнал бар. Электронды ресурстар оқу үдерісіне жеңіл үйлеседі әрі түрлі оқу бағдарламаларына бейімделіп, орайластырылуы мүмкін.

Материалтану бойынша бақылау материалдары студенттердің өткен материалдарды игеруін бақылауға арналған. Бақылау материалдары әрбір студентке оның дайындық деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалар мен сұрақтар нұсқасын ұсынуға мүмкіндік беретін қиындық деңгейі түрліше болып келетін тестілік тапсырмалар мен бақылау сұрақтарынан тұрады.

Осы бақылау материалдары сонымен қатар сабақта да, үйде де өз бетінше орындауға арналған жұмысқа есептелген. Бір тестілік тапсырманы орындауға берілетін уақыт студенттің дайындық деңгейіне қарай 10 – 15 минутты құрайды.

Қорытынды бақылауға дайындалған кезде студенттер сабақтардың конспектілерін, пән бойынша жұмыс дәптерін және ұсынылатын оқу әдебиетін пайдалануы тиіс.

Пәнді оқыту аяқталған соң, осы бақылау материалдарын пайдалана отырып саралау сынағы өткізіледі. Студент анықтамалық әдебиеттерді пайдалану, болат пен қорытпаның маркілерін олардың шартты белгілері бойынша анықтау, болат пен қорытпаның мәнін сипаттау бойынша өзінің дағдыларын көрсете білуі тиіс.

**1.1.****«МЕТАЛДАР МЕН ҚОРЫТПАЛАРДЫҢ  
ҚАСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ  
ӘДІСТЕРІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕР**

---

**1-нұсқа**

1. Машиналардың бөлшектерін дайындау үшін материал таңдаған кезде нені білу керек?
  - а) материалдың физикалық-химиялық қасиеттерін;
  - б) материалдың механикалық қасиеттерін;
  - в) бұйымды пайдалану талаптарын;
  - г) барлық көрсетілген факторлар.
2. Мына металдардың қайсысы қара металға жататынын көрсетіңіз:
  - а) мырыш;
  - б) қалайы;
  - в) темір;
  - г) марганец.
3. Ең ауыр және қатты металды көрсетіңіз:
  - а) вольфрам;
  - б) цирконий;
  - в) мыс;
  - г) осмий.
4. Қай металл ұшу аппараттарының әйнектерін мұз қатудан қорғауға қабілетті:
  - а) индий;
  - б) алюминий;
  - в) күміс;
  - г) платина.
5. Атомдары кеңістікте бей-берекет орналасатын қатты денелер қалай аталады:
  - а) кристалл;
  - б) аморфты;
  - в) аралас;
  - г) жай.

6. Металдың қатты күйден сұйық күйге өтуі қалай аталады:
- а) қайта кристалдану;
  - б) балқу;
  - в) кристалдану;
  - г) полиморфизм?
7. Қандай металдар екінші қайтара кристалдануға ұшырайды?
- а) марганец, мырыш, мыс;
  - б) тантал, ванадий, вольфрам;
  - в) темір, қалайы, кобальт;
  - г) алюминий, ниобий, бериллий.
8. Үлкен тереңдіктегі ақауларды анықтау тәсілін көрсетіңіз:
- а) микроскопиялық;
  - б) рентгендік;
  - в) макроскопиялық;
  - г) келтірілген тәсілдердің кез келгені.
9. Металдың өзіне түскен жарық сәулелерімен шағылысу қабілеті қалай аталады?
- а) түс;
  - б) тығыздық;
  - в) беріктік;
  - г) қаттылық.
10. Жоғары шынықтырылған болатты қорғауға арналған заттардың қайсысын қолдану неғұрлым тиімді болып табылады:
- а) лактар;
  - б) бояулар;
  - в) ингибиторлар;
  - г) эмальдар.
11. Металдар мен қорытпалардың технологиялық қасиеттерін көрсетіңіз
- а) созымдылық;
  - б) дәнекерленгіштік;
  - в) өңделгіштік;
  - г) барлық көрсетілген қасиеттер.
12. Магниттік қасиеттері бар металды көрсетіңіз:
- а) никель;
  - б) мырыш;
  - в) алюминий;
  - г) күміс.
13. Қыздырған кезде жылудың белгілі бір бөлігін жұтып алу қабілеті қалай аталады:
- а) жылу өткізгіштік;

- б) жылусыйымдылық;
- в) жылулық кеңею;
- г) электрөткізгіштік.

14. Металдардың кристалдану процесінің сызбасын сызыңыз.

## 2-нұсқа

1. Ең жеңіл түсті металды көрсетіңіз:

- а) вольфрам;
- б) алюминий;
- в) марганец;
- г) магний.

2. Бөлме температурасында сұйық күйде болатын түсті металды көрсетіңіз:

- а) қалайы;
- б) мырыш;
- в) сынап;
- г) күміс.

3. Анықтамалық әдебиеттерді пайдалана отырып, 900 – 1400°C температура кезінде темірге қандай кристалл тор тән екенін көрсетіңіз:

- а) центрлі-қырлы текше тор;
- б) центрлі-көлемді текше тор;
- в) гексагональды тығыз қапталған.

4. Көтеріңкі және жоғары температура жағдайында өзіне түскен тұрақты жұмыс кернеуінің әсерімен баяу әрі үздіксіз созылатын металдың қасиеті қалай аталады?

- а) төзімділік;
- б) иілгіштік;
- в) серпімділік;
- г) жылжымалылық.

5. Металдың соққы тұтқырлығына сынақ қандай қондырғының көмегімен жасалады?

- а) МПБ-2 үзуші машинаның;
- б) маятниккоперінің;
- в) Роквелл пресінің;
- г) аталған құрылғылардың кез келгені

6. Үзілуден кейін үлгінің біршама ұзаруын есептеуге болатын формуланы көрсетіңіз:

- а)  $\delta = 100(F_0 - F)/F_0$ ;
- б)  $\delta = 100(1 - L_0)/L_0$ ;
- в)  $\sigma_T = P_T/F_0$ ;
- г)  $KC = A/F$ .

7. Иілгіштікке технологиялық сынақты не үшін жасайды?

- а) жікті дәнекерлеген кезде сызат пен жарықты болдырмау үшін;
- б) құбырды иген кезде жарықтың түсуін болдырмау үшін;
- в) сұрыптық илемді иген кезде сызаттың пайда болуын болдырмау үшін;
- г) барлық көрсетілген мақсаттар үшін.

8. Мына сипаттама сәйкес келетін металды көрсетіңіз: «Бұл металл қышқылға төзімді, тым илеуге көнгіш, оны салқында да өңдеуге болады. Металды балқыту температурасы 2 500°C-ды құрайды. Бұл металдың цериймен қорытпасынан атом реакторының орталық бөлігін дайындайды»:

- а) ниобий;
- б) алтын;
- в) осмий;
- г) тантал.

9. Гексагональды тығыз қапталған торды сызыңыз.

Бұл қай металға тән екенін көрсетіңіз.

10. Металдардың химиялық құрамын анықтау үшін пайдаланылатын металл құрылымын зерттеу әдісі қалай аталады?

- а) рентгенді;
- б) макроскопиялық;
- в) микроскопиялық;
- г) спектральды.

11. Созылу диаграммасынан (1-қосымша) үлгі ең жоғары қалдықты кернеуге ие болатын интервалды көрсетіңіз. Бұл интервалды диаграммаға енгізіңіз.

12. Созылу диаграммасынан (1-қосымшаны қараңыз) үлгі ең төменгі қалдықты кернеуге ие болатын интервалды көрсетіңіз. Бұл интервалды диаграммаға енгізіңіз

### 3-нұсқа

1. Сирек деп саналатын түсті металдарды көрсетіңіз:

Al; Zn; Ag; Au; Td; Nd; Hf; Cu; Ta; Zr; Mo; W; Nb; Mn; Co; Ni; Fe.

2. Келтірілген металдардың ішінен ең қаттысын көрсетіңіз:

- а) осмий;
- б) никель;
- в) мыс;
- г) иридий.

3. Мына сипаттама сәйкес келетін кристалды торкөзді көрсетіңіз: «Торкөз куб нысанды, тоғыз атомнан тұрады: сегізі – кубтың төбесінде, біреуі – ортасында. Мұндай торкөзге темір, хром, вольфрам, ванадий және басқа металдар 900–1400°C температурада ие болады.»

- а) центрлі-көлемді текше тор;
- б) центрлі-қырлы текше тор;
- в) гексагональды тығыз қапталған;
- г) тетрагональды.

4. Металдар мен олардың қорытпаларынан басқа қандай денелер кристалды құрылымға ие:

- а) пластмасса;
- б) сүрек;
- в) тау хрусталі;
- г) тас көмір.

5. Кристалданудың мінсіз және нақты температурасының арасындағы айырмашылық қалай аталады:

- а) қатты суып кету деңгейі;
- б) аллотропия;
- в) анизотроптық;
- г) балку.

6. Металдық құрылымын зерттеген кезде метал құрамында қождың бар екенін табатын зерттеу әдісін көрсетіңіз:

- а) ультрадыбысты дефектоскопия;
- б) магнитті дефектоскопия;
- в) рентгенді талдау;
- г) радиоактивті изотоптардың көмегімен.

7. Металл үлгісінің созған кездегі беріктігінің шегін есептеуге болатын формуланы көрсетіңіз:

а)  $\sigma_T = P_T / P_0$ ;

б)  $\sigma_{\text{шц}} = P_{\text{шц}} / F_0$ ;

в)  $\sigma_{\text{уп}} = P_{\text{уп}} / F_0$ ;

г)  $\sigma_B = P_B / F_0$ .

8. Аморфты және кристалды денелердің кристалдану кестелерін сызыңыз.

9. Қабырғасы жұқа бұйымның қаттылығын қандай әдістің көмегімен анықтауға болатынын көрсетіңіз:

а) Бринелль әдісі;

б) Роквелль әдісі;

в) Виккерс әдісі;

г) аталған әдістердің кез келгенімен.

10. Созу диаграммасынан (1-қосымшаны қараңыз) қалдық деформациясы болмашы әрі үлгінің есептік ұзындығының 0.2%-ын құрайтын сызықты бөліп көрсетіңіз.

11. Мынадай механикалық қасиеттері бар металды көрсетіңіз: «Созған кездегі беріктігінің шегі 80 – 100 МПа-ға тең, салыстырмалы ұзаруы — 40%, Бри- неллю бойынша қаттылығы — 20.37 НВ»:

а) темір;

б) алюминий;

в) марганец;

г) алтын.

#### 4-нұсқа

1. Өзіңіз радиоактивті деп санайтын түсті металдарды көрсетіңіз:

Al; Ra; Os; Ta; Pd; Nb; Ag; Po; As; U; Ce; Th; Pu; Cm; Ir; Sr; Cu; Au; Mn; Co; Zn; Fe.

2. Мына анықтаманы аяқтаңыз: «Қажу беріктігі — бұл \_\_\_\_\_

---

3. Төмен көміртекті болаттан жасалған үлгіні созу диаграммасын салыңыз. Диаграммадан мұндай үлгінің толық бұзылатын нүктесін көрсетіңіз.

4. Металл үлгілердің қаттылығын тексеретін әдістердің қайсысы ең дәл көрсететіні болып табылады:

- а) Роквелль әдісі;
- б) Бринелль әдісі;
- в) Виккерс әдісі.

5. Аморфты және кристалл денелердің кристалдануындағы айырмашылықтарды көрсетіңіз:

- а) \_\_\_\_\_;
- б) \_\_\_\_\_;
- в) \_\_\_\_\_;
- г) \_\_\_\_\_;

6. Магний мен мырышқа тән кристалл торкөзді салып көрсетіңіз. Оған сипаттама беріңіз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

7. Металл үлгіні үзуге қатысты сынақтан өткізген кезде өлшейтін сипаттамаларды жазыңыз:

- а) \_\_\_\_\_;
- б) \_\_\_\_\_.

Олардың есептік формулаларын жазыңыз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

8. Қандай технологиялардың көмегімен шамадан тыс қатты материалдар түзілетінін жазыңыз.

\_\_\_\_\_

---

---

9. Металл үлгілерді қажу беріктігіне сынақтан өткізу үшін қолданатын жабдықтарға мысалдар келтіріңіз:

- а) \_\_\_\_\_;
- б) \_\_\_\_\_;
- в) \_\_\_\_\_.

10. Жікті сапалы дәнекерлеу үшін дәнекерлеушіге қандай материалдарды ұсынар едіңіз:

- а) төмен көміртекті болатты;
- б) жоғары көміртекті болатты;
- в) орта көміртекті болатты;
- г) барлық жоғарыда аталған материалдарды.

11. Металдардың қайсысы ең оңай балқитын металл болып табылады:

- а) литий;
- б) магний;
- в) қорғасын;
- г) қалайы.

12. Анықтаманы аяқтаңыз: «Өңделіп шығу дегеніміз \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_»

13. Виккерс әдісі бойынша қаттылық санын анықтауға болатын формуланы жазыңыз.

\_\_\_\_\_

14. Ферромагнитті материалдарды зерттейтін тәсілді көрсетіңіз:

- а) спектральды талдау;
- б) ультрадыбыстық дефектоскопия;
- в) магнитті дефектоскопия;
- г) рентгенді тәсіл.

15. Темірдегі аллотропикалық ауысулардың мәні неде екенін жазыңыз:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

16. Қандай металдарға нүктелік жемірілу тән екенін жазыңыз:

- а) \_\_\_\_\_

- б) \_\_\_\_\_ ;  
в) \_\_\_\_\_ ;  
г) \_\_\_\_\_ .

17. Металға әсер ету сипатына қарай жүктеменің үш түрі бар. Олардың аттарын жазыңыз.

---

---

18. Радиоактивті изотоптардың көмегімен қандай ақауларды анықтауға болады? Олардың аттарын жазыңыз.

---

---

---

19. Металдарды жемірілуден ингибиторлық қорғаудың мәні неде екенін жазыңыз.

---

---

20. Дайындаманың (күюдың) ақауын анықтауға болатын металл құрылымын зерттеу тәсілін көрсетіңіз, металдардың құрылымын зерттеу тәсілін көрсетіңіз:

- а) макроскопиялық;
- б) микроскопиялық;
- в) рентгендік;
- г) спектральды.

## **1.2. «МЕТАЛДАР МЕН ҚОРЫТПАЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ**

### **1-нұсқа**

1. Металл дегеніміз не?
2. Қандай металдар түсті металдар деп аталады?
3. Металдардың кристалдануы қалай өтеді?
4. Қандай металдарға аллотропикалық ауысулар тән?
5. Қандай металдар баяу балқитын металдар қатарына жатады?

### **2-нұсқа**

1. Қандай металдар қатты металдар деп аталады?
2. Материалдың қаттылығы дегеніміз не? Ол қандай формула арқылы анықталады?

3. Металл үлгілердің беріктігін қандай механизмнің көмегімен сынақтан өткізуге болады?
4. Анизотроптық дегеніміз не?
5. Металл конструкцияларын бұзбай, олардың ақауларын қандай тәсілдермен анықтауға болады?

### **3-нұсқа**

1. Сізге металдардың қандай құйма қасиеттері белгілі? Оларды санамалап көрсетіңіз.
2. Қандай металдар оңай балқитын металдар деп аталады?
3. Металдың технологиялық қасиеттеріне қандай қасиеттер жатады?
4. Металл бұйымдарды дәнекерлеген кезде дәнекерлеу қоспаларының қандай түрлері алынады?
5. Металдың химиялық құрамын қандай тәсілмен анықтауға болады?

### **4-нұсқа**

1. Сізге жемірілудің қандай түрлері белгілі?
2. Кристалданудың қандай кезеңдерін білесіз?
3. Аллотропикалық ауысулардың мәні неде?
4. Сізге металл материалдарды сынақтан өткізудің қандай тәсілдері белгілі?
5. Металдардың құрылымын зерттеудің қандай тәсілі арқылы металдың микроқұрылымын анықтауға болады?

### **5-нұсқа**

1. Металдардың жылусыйымдылығы дегеніміз не?
2. Аморфты және кристалл денелердің айырмашылығы неде?
3. Сізге жоғары легирленген (қоспалаған) қорытпаларды жемірілуден қорғаудың қандай тәсілдері белгілі?
4. Металдардың қандай механикалық қасиеттерін білесіз?
5. Үзгеннен кейінгі металл үлгінің салыстырмалы ұзаруы мен салыстырмалы тарылуын қандай формула арқылы есептеп шығаруға болады?

## 2.1. «ҚОРЫТПАЛАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕР

---

### 1-нұсқа

1. Бірнеше металдың немесе металдардың метал еместермен қосылысы арқылы алынған кристалл денені көрсетіңіз:
  - а) қорытпа;
  - б) металл;
  - в) металл емес;
  - г) изотоп.
2. Қорытпалар күйінің диаграммаларын не мақсатпен жасайды:
  - а) қорытпаның балку температурасын анықтау үшін;
  - б) қорытпаның кристалдануы туралы толық түсінік алу үшін;
  - в) қорытпаның құрамын анықтау үшін;
  - г) қорытпаның құрылымын анықтау үшін.
3. Темір — цементит күйінің диаграммасындағы қандай сызық қорытпаның кристалдануының басталу сызығы болып табылады (2-қосымша):
  - а)  $AECF$ ;
  - б)  $PSK$ ;
  - в)  $GSE$ ;
  - г)  $ACD$
4. Құйма қатқылданған кезде құрылысы мен қасиеттері әр түрлі қорытпалардың түзілетіні белгілі: механикалық қоспалар, қатты ерітінділер, химиялық қосылыстар. Қорытпалардың қандай түрлері жаңа физика-химиялық және механикалық қасиеттерге ие жаңа кристалл торкөздерді түзеді:
  - а) қатты ерітінді;
  - б) химиялық қосылыс;
  - в) механикалық қоспа;
  - г) аталған қорытпалардың барлық түрлері.

5. 0...2,14%-ы көміртектен, қалғаны темірден тұратын темір мен көміртектің қорытпасын көрсетіңіз:
- а) болат;
  - б) шойын;
  - в) қола;
  - г) жез.
6. Темір-көміртек қорытпасының ең қатты құрылымын көрсетіңіз:
- а) аустенит;
  - б) цементит;
  - в) перлит;
  - г) феррит.
7. Машина жасауда эвтектикке дейінгі (нонвариантты нүктеден) шойындардың пайдаланылатыны белгілі. Мұндай шойындардағы көміртектің құрамы қандай:
- а) 4,3...6,67%;
  - б) 2,14...4,3%;
  - в) 0...2,14%;
  - г) 0,8...2,14%
8. Темір — цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасын пайдалана отырып, эвтектикке дейінгі толық баяу суу кезінде түзілетін құрылымды көрсетіңіз:
- а)  $L + \Pi + \Pi_2$ ;
  - б)  $L + \Pi + \Pi_1$ ;
  - в)  $L + \Pi + A$ ;
  - г)  $A + \Phi + \Pi_2$ .
9. Темір — цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасынан аустениттің ыдырай бастау сызығын көрсетіңіз:
- а)  $PSK$ ;
  - б)  $GSE$ ;
  - в)  $AECF$ ;
  - г)  $ACD$ .
10. Магниттік қасиеттерге ие құрылымды көрсетіңіз:
- а) аустенит;
  - б) цементит;
  - в) феррит;
  - г) перлит.
11. Кесетін құралды дайындауға арналған қорытпалардың барынша тиімді түрлерін көрсетіңіз:
- а) қатты ерітінділер;
  - б) механикалық қоспалар;
  - в) химиялық қосылыстар.

12. Кристалл торкөздің жазықтығының әр түрлі бағытындағы механикалық қасиеттердің әртектілігі қалай аталады:

- а) аллотропия;
- б) анизотроптық;
- в) аса суыту;
- г) аса қыздыру

13. Металдың мына анықтама сәйкес келетін қасиетін көрсетіңіз: «Металдың күш түсу әсерінен бұзылуға немесе қалдықты деформацияға ұшырауына қарсы тұру қабілеттілігі»:

- а) тығыздық;
- б) беріктік;
- в) қаттылық;
- г) соққы тұтқырлық.

## 2-нұсқа

1. Болатқа көміртек қандай қасиет береді:

- а) қаттылық;
- б) беріктік;
- в) созылымдық (пластикалылық);
- г) серпімділік.

2. Темір — цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасындағы  $ACD$  сызығы қалай аталады:

- а) аустениттің ыдырауының басталу сызығы;
- б) кристалданудың басталу сызығы;
- в) кристалданудың аяқталу сызығы;
- г) аустениттің ыдырауының аяқталу сызығы.

3. Мына мәтіндегі бос жерді толтырыңыз: «Қорғасын — сүрме күйінің диаграммасында  $ACB$  сызығынан жоғары қорытпа \_\_\_\_\_ күйде болады» (Жауап беру үшін 3-қосымшаны пайдаланыңыз).

4. Шыңдалғы мен қалыптауды барынша оңай жасауға болатын қорытпаның түрін көрсетіңіз:

- а) химиялық қосылыс;
- б) механикалық қоспа;
- в) қатты ерітінді;
- г) аталған қорытпалардың кез келгені.

5. Мына анықтама сәйкес келетін құрылымды көрсетіңіз: «Болаттың құрамында тек  $727^{\circ}\text{C}$  температураға дейін болатыны — темірдегі көміртектің қатты ерітіндісі. Мұндай қорытпаның құрамындағы көміртек болмашы ғана: бөлме температурасында ең азы (0,006 %),  $727^{\circ}\text{C}$  температурасында ең көбі (0,02 %)»:

- а) феррит;
- б) аустенит;
- в) цементит;
- г) ледебурит.

6. Темір — цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасындағы  $S$  нүктесінде аустенит ыдырайды. Мұндай жағдайда қандай құрылым түзіледі:

- а) перлит;
- б) цементит;
- в) аустенит;
- г) троостит

7. Эвтектиктен кейінгі (нонвариантты нүктеден) шойындардың машина жасауда қолданылмау себептерін санамалап көрсетіңіз.

---

---

---

8. Механикалық өңдеу әдісімен дайындауға болатын бұйымдарды атаңыз.

---

---

---

9. Машина жасауда қолданылатын шойыннан жасалған бұйымдарға мысалдар келтіріңіз.

---

---

---

10. Қатты ерітінді қорытпасы қандай компоненттердің арасалмағынан түзіледі:

- а) кез келген компоненттердің арасалмағынан;
- б) берілген компоненттердің арасалмағынан;
- в) қорытпаның қызметіне байланысты.

11. Механикалық қоспа қорытпасының құрылымын сызыңыз.

12. Химиялық қосылыс қорытпасының құрылымын сызыңыз.

13. Қатты ерітінді қорытпасының құрылымын сызыңыз.

14. Қорытпаның қай түрі қысыммен жақсы өңделеді:

- а) қатты ерітінді;
- б) механикалық қоспа;
- в) химиялық қосылыс.

15. Екінші түр күйінің диаграммасын салу үшін не қажет екенін көрсетіңіз:

- а) алдымен қосымша диаграмма салып, одан соң оның мәнін негізгіге ауыстыру керек;
- б) бірден негізгі диаграмманы салып, онда барлық мәндерді көрсету керек.

16. Мына сөйлемді аяқтаңыз «Екінші тек күйінің диаграммасында эвтектика нүктесі...»:

- а) болады;
- б) болмайды.

### 3-нұсқа

1. Қорытпалардың таза металдардан өзіне тән айырмашылықтарын жазып көрсетіңіз.

---

---

2. Қорытпаның құрамында ең көп дегенде қанша компонент бар:

- а) бір;
- б) төрт;
- в) компоненттер саны қорытпаның түріне және оның қызметіне байланысты болады;
- г) екі.

3. Қорытпалардың ең маңызды сипаттамасын көрсетіңіз:

- а) тазалық;
- б) беріктік;
- в) қаттылық;
- г) сенімділік.

4. Құйма алу үшін қорытпаның қандай түрлері қолданылады:

- а) механикалық қоспалар;

- б) химиялық қосылыстар;
- в) қатты ерітінділер;
- г) қорытпаның түрі құйманың қызметіне байланысты.

5. Темір — цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасына мынадай сызықтарды жүргізіңіз:

- а) қорытпаның кристалдануының басталу сызығын;
- б) аустениттің ыдырауының басталу сызығын;
- в) перлитті ауысулар сызығын;
- г) қорытпаның кристалдануының аяқталу сызығын.

6. Мәтіндегі бос орындарды толтырыңыз: «4,3 %-дан кем көміртектен тұратын шойынды \_\_\_\_\_ деп атайды. Бұл шойындардың кристалдануы *АС* сызығынан басталып, \_\_\_\_\_ бөле отырып *АЕ* сызығынан аяқталады. Әбден баяу суытқан жағдайда мұндай қорытпаның құрылымы \_\_\_\_\_ алынады».

7. Бастапқы цементиттің құрылымы температура мен қорытпаның құрамының мынадай арасалмағынан түзіледі:

- а) 910 °С және 0,8%;
- б) 727 °С және 0,8%;
- в) 1 147 °С және 2,14%;
- г) 1 147 °С және 4,3%.

8. Құрамында графит түріндегі көміртек бар теміркөміртекті қорытпа қалай аталады:

- а) сұр шойын;
- б) ақ шойын;
- в) қара шойын;
- г) таптауға көнгіш шойын.

9. Теміркөміртекті қорытпаның қандай құрылымына мына сипаттаманың сәйкес келетінін көрсетіңіз: «Ферриттің цементитпен механикалық қоспасы екі түрлі: қатпарлы және қиыршықты болады»:

- а) перлит;
- б) цементит;
- в) феррит;
- г) аустенит.

10. Мәтіндегі бос орынды толтырыңыз: «0,8 %-дан кем көміртектен тұратын болат \_\_\_\_\_ деп, ал 0,8%-дан кем көміртектен тұратын болат \_\_\_\_\_» деп аталады.

11. Шыңдалмаған металдар мен қорытпалардың қаттылығын анықтау үшін қандай әдіс қолданылады:

- а) Викакерс әдісі;
- б) Бринелль әдісі;
- в) Роквелль әдісі.

12. Қысыммен өңдеу арқылы алынған шыңдалғы мен қалыптаудың, дайындамалардың басқа да түрлерін дайындау үшін қолданылатын қорытпаның түрін көрсетіңіз:

- а) химиялық қосылыс;
- б) механикалық қоспа;
- в) қатты ерітінді.

13. Бірінші және екінші тек күйлері диаграммасының екі айырмашылығын жазыңыз:

бірінші айырмашылық \_\_\_\_\_  
екінші айырмашылық \_\_\_\_\_

#### 4-нұсқа

1. Қандай жылдамдықпен суытқанда сорбит пен трооститтің аралық құрылымдары түзіледі:

- а) жоғары жылдамдықпен суытқанда;
- б) төмен жылдамдықпен суытқанда;
- в) бұл суыту жылдамдығына байланысты емес.

2. Анықтаманы аяқтаңыз: «Екінші деп \_\_\_\_\_

цементитті атайды.

3. Бірінші тектің диаграммасын құру принципін жазыңыз.

4. Көрсетілген қорытпа түрлерінің қайсысын өлшеу құралдарын дайындау үшін пайдалануға болады:

- а) қатты ерітінділер;
- б) механикалық қоспалар;
- в) химиялық қосылыстар;
- г) аталған қорытпа түрлерінің кез келгені.

5. Теміркөміртекті қорытпаның кристалдану процесіне қоспалар (марганец, кремний, фосфор, күкірт және т.б.) қалай әсер етеді:

- а) кристалдану процесін тежейді;
- б) кристалдану процесін тездетеді;
- в) кристалдану процесі өзгеріссіз қалады.

6. Құрамында графит түріндегі көміртек бар теміркөміртекті қорытпа қалай аталады?

- а) сұр шойын;
- б) ақ шойын;
- в) өте берік шойын;
- г) таптауға көнгіш шойын.

7. Күй диаграммасын анықтауға мүмкіндік береді:

- а) болат пен ақ шойынның кристалдануының температуралық режимдері;
- б) қысыммен ыстықта өңдеу режимі;
- в) жылумен өңдеу режимі;
- г) барлық аталған режимдер.

8. Ең қатпарлы құрылымды көрсетіңіз:

- а) аустенит;
- б) троостит;
- в) цементит;
- г) сорбит.

9. Таза металдар мен қорытпалардың кристалдануының өзіне тән айырмашылықтарын жазыңыз.

---

---

---

---

10. Шойынның  $ACD$  сызығында бастапқы кристалдану процесінде қандай құрылымдар түзіледі?

- а) аустенит;
- б) бастапқы цементит;
- в) екінші цементит;
- г) сорбит.

11. Сөйлемді аяқтаңыз: «Болаттың кристалдануы  $AC$  сызығында басталып, ал \_\_\_\_\_ бөле отырып  $AE$  сызығында аяқталатыны белгілі». Жауап беру үшін темір—цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасын пайдаланыңыз.

12. Көп компонентті қорытпаларды көрсетіңіз:

- а) болат;
- б) шойын;
- в) қалайы қола;
- г) аталған барлық қорытпалар.

13. Темір — цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасы қай координаттарда құрылады:
- а) температура—уақыт;
  - б) температура — жылдамдық;
  - в) жылдамдық — уақыт;
  - г) жылдамдық—аса суу температурасы;
  - д) температура — концентрация.
14. Қорытпалардың қай түрін кесу арқылы өндеген дұрыс:
- а) қатты ерітінділер;
  - б) химиялық қосылыстар;
  - в) механикалық қоспалар.
15. Қорытпалардың қай түрі техникада жиі қолданылады:
- а) химиялық қосылыстар;
  - б) механикалық қоспалар;
  - в) қатты ерітінділер.

## **2.2. «ҚОРЫТПАЛАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ**

---

### **1-нұсқа**

1. Қорытпа деп нені атаймыз?
2. Темір — цементит күйінің диаграммасында қандай сызық аустениттің толық ыдырау сызығы болып табылады?
3. Қатты ерітінділер мен механикалық қоспалардың айырмашылықтары неде?
4. Болаттың қышқылсыздануы дегеніміз не?
5. Теміркөміртекті қорытпаға кремний қандай қасиеттер үстейді?

### **2-нұсқа**

1. Қосарлы қорытпа күйінің диаграммасы қандай координаттарда жасалады?
2. Темір — цементит күйінің диаграммасындағы қай нүкте шойын үшін эвтектик нүктесі болып табылады?
3. Бірінші және екінші тектегі қорытпа күйінің диаграммаларының айырмашылықтары қандай?
4. Темірге қандай кристалл торкөздер тән?
5. Болат деп нені айтамыз?

### 3-нұсқа

1. Шойын дегеніміз не?
2. Темір — цементит күйінің диаграммасында қандай сызық аустениттің ыдырауының басталу сызығы болып табылады?
3. Қандай қорытпалар машина жасауда ең көп таралған болып табылады?
4. Қорытпаның фазасы дегеніміз не?
5. Қорытпаның балку температурасын қалай анықтауға болады?

### 4-нұсқа

1. Бірінші тек күйінің диаграммасын құру принципі неге байланысты?
2. Темір — цементит күйінің диаграммасындағы  $S$  нүктесінде қорытпаны толық баяу суытқан кезде қандай құрылым түзіледі?
3. Аустенит құрылымы нені білдіреді?
4. «Химиялық қосылыс» қорытпасы қандай жағдайда түзіледі?
5. Теміркөміртекті қорытпаға марганец қандай қасиет үстейді?

### 5-нұсқа

1. Қандай негізгі химиялық элемент болат пен шойынның міндетті компоненті болып табылады? Оның массалық үлесі қандай?
2. Теміркөміртекті қорытпаларда қандай зиянды қоспалар бар?
3. Қандай болат эвтектикке дейінгі (нонвариантты нүктеге дейінгі) деп аталады?
4. Феррит құрылымы нені білдіреді?
5. Қандай жағдайда цементитті екінші деп атайды?

# 3 ТЕМІРКӨМІРТЕКТІ ҚОРЫТПАЛАР

## 3.1. «ТЕМІРКӨМІРТЕКТІ ҚОРЫТПАЛАР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕР

---

### 1-нұсқа

1. Шойын өндіруге арналған негізгі шикізатты атаңыз:
  - а) флюс;
  - б) кокс;
  - в) теміркені;
  - г) барлық аталған компоненттер.
2. Сұйық шойын алу үшін қандай қондырғылар қолданылады:
  - а) домна пештері;
  - б) мартен пештері;
  - в) конвертерлер;
  - г) электрдоғалы пештер.
3. Жоғары сапалы болат алу үшін қандай қондырғылар пайдаланылады:
  - а) мартен пештері;
  - б) электрдоғалы пештер;
  - в) оттекті конвертерлер.
4. Қандай шойын қолданбалы шойын деп аталады:
  - а) сұр;
  - б) ақ;
  - в) таптауға көнгіш;
  - г) синтетикалық.
5. Жауапкершілікті қажет ететін бұйымдарды дайындау үшін қолданылатын шойынның маркасын көрсетіңіз:
  - а) СЧ24;
  - б) КЧ 380-8;
  - в) ВЧ 1200-4;
  - г) ЧХ9Н5.
6. Қандай шойынның сапасы әдеттегі көміртекті конструкциялық болат болып табылады:

- а) 60Г;
- б) ВСт5;
- в) 14Г2;
- г) 45.

7. Тез кесуге арналған құрал-саймандар жасалатын болаттардағы көміртектің құрамы қандай:

- а) 1 %-дан артық;
- б) 1 %-ға жетпейді;
- в) 10 %-дан артық;
- г) шойынның маркісіне байланысты.

8. Алюминий болатқа қандай қасиет береді:

- а) иілгіштік;
- б) отқаққа беріктік;
- в) жемірілуге төзгіштік;
- г) қаттылық.

9. Құрал-сайман жасалатын көміртекті болаттардың кемшіліктерін көрсетіңіз:

- а) жылумен кеңейту коэффициентінің жоғары болуы;
- б) электротехникалық қасиеттерінің төмен болуы;
- в) агрессивті орталарда, атмосферада және жоғары температура кезінде жемірілуге төзгіштігінің төмен болуы;
- г) барлық аталған кемшіліктер.

10. Ыстыққа төзімді қорытпаны көрсетіңіз:

- а) ХН70ВМТЮ;
- б) ОХ23ЮБА;
- в) 15Х28;
- г) ЕХ3.

11. Тозбайтын бұйымдарды дайындау үшін конструкциялық болаттың қай маркісі пайдаланылады:

- а) 45;
- б) 65Г;
- в) У8ГА;
- г) А12

12. Болат үшін зиянды болып табылатын қоспаны көрсетіңіз:

- а) марганец, көміртек, кремний;
- б) күкірт, фосфор, күшәла;
- в) никель, хром, ванадий.

13. Машина жасауда автоматты болатты не үшін пайдаланады:

- а) сандық бағдарламалық басқарылатын (СББ) станоктарда жауапкершілікті талап етпейтін бұйымдарды өңдеу үшін;
- б) механикалық станоктарда жауапкершілікті талап етпейтін бұйымдарды өңдеу үшін;

- в) айрықша жауапкершілікті талап ететін бұйымдарды дайындау үшін;
- г) агрессивті орталарда пайдаланылатын бұйымдарды дайындау үшін.

14. Болаттардың біреуінің маркісін жазған кезде қате кеткен. Оны тауып, жөндеңіз.

- а) А20: А — жоғары сапалы болат; 20 — 0,2 % көміртек;
- б) 45: 0,45 % көміртек; қалғаны — темір мен қоспа;
- в) У8ГА: У — көміртекті болат; 8 — 0,8 % көміртек; Г — құрамында марганец көп; А — жоғары сапалы болат;
- г) Р18: Р — тез кесетін болат; 18 — 18 % вольфрам.

15. Автоматты болат болаттың қай түріне жатады:

- а) құрал-сайман жасалатын көміртекті болатқа;
- б) көміртекті конструкциялық болатқа;
- в) құрал-сайман жасалатын қоспалаушы болатқа;
- г) конструкциялық қоспаланған болатқа.

16. Вольфрам болатқа қандай қасиет үстейді:

- а) болаттың қаттылығы мен қызуға төзімділігін күрт арттырады;
- б) болаттың қаттылығы мен иілгіштігін азайтады;
- в) болаттың жемірілуге қарсы төзімділігін арттырады.

## 2-нұсқа

1. Болатқа алюминий қандай қасиеттер береді:

- а) өңделгіштігін жақсартады;
- б) отқаққа беріктігін арттырады;
- в) иілгіштігін азайтады;
- г) қаттылығын арттырады.

2. Құрал-сайман жасауға арналған көміртекті болатқа тән механикалық қасиеттерді көрсетіңіз.

3. Қоспаланған болаттың қасиеттерін жазыңыз.

---

---

---

---

4. Машина жасауда жемірілуге төзімді болаттардың қолданылатын саласын көрсетіңіз.

---

---

5. Ұшақ және зымыран жасау ісінде кеңінен қолданылатын қорытпаны көрсетіңіз:

- а) ХН77ЮР;
- б) Н36К8;
- в) ХН70ВМТЮ;
- г) ТТ7К12;
- д) 80НХС;
- е) ЮМДК24.

6. Тез кесетін болат бұзылмай, кесу аймағында қай температураға дейін жұмыс істеуге қабілетті:

- а) 1 200 °С;
- б) 1 000 °С;
- в) 600°С;
- г) 200 °С.

7. Магнитті болаттың маркісін көрсетіңіз:

- а) ЕХ9К15М2;
- б) 12Х18Н9Т;
- в) Р9К10;
- г) 11ХФ.

8. Стандартты бұйымдарды (бұранда, бұрама, сомын және т.б.)дайындауға арналған болат маркілерін ұсыныңыз:

- а) \_\_\_\_\_;
- б) \_\_\_\_\_;
- в) \_\_\_\_\_;
- г) \_\_\_\_\_.

9. Көміртекті конструкциялық болаттардың маркілерін толық жазыңыз:

- 65Г — \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- 50 — \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- А40 — \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- 08кп — \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- Ст0 — \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_

10. Болаттың 30ХГС-Ш маркісіндегі Ш әрпі қандай сипаттамамен байланысты:

- а) бұл – жоғары сапалы болат;
- б) бұл – арнайы болат;

- в) бұл – ерекше жоғары сапалы болат;
- г) бұл – жоғары омикалық кедергі көрсететін болат.

11. 03X18H12T болат маркісіндегі көміртектің құрамын көрсетіңіз:

- а) 0,3 %;
- б) 0,03 %;
- в) 1 %;
- г) 30 %.

12. Шарикті мойынтіректі болаттағы хромның құрамы қандай:

- а) 0,15%;
- б) 1,5%;
- в) 15%;
- г) 0,015%.

13. Оттекті конвертерден болат алу технологиясының кезеңдерін жазыңыз.

---

---

---

---

14. Болатты құюдың неғұрлым экономикалық тәсілдеріне мысалдар келтіріңіз.

---

---

---

---

15. Құрал-сайман жасауға арналған болат маркілерінің атауын толық жазыңыз:

У8ГА — 

---

9ХС — 

---

ХВГ — 

---

11ХФ — 

---

### 3-нұсқа

1. Металдар мен қорытпалардың маркілерінің атауын толық жазыңыз:

55 — 

---

40ХР — 

---

---

EX5KK5 — \_\_\_\_\_

50HXC — \_\_\_\_\_

2. Сіз төмендегілердің қайсысын жоғары легирленген (қосындыланған) болат маркасы деп санайтыныңызды жазыңыз:

12X25H16Г7АР; У13; 45; А12; 13Х12Н2В2МФ; 15Х28; Г13;  
15Х5; ХН70ВМТЮ; 18ХМТФ; ХН77ЮР; ОХ23ЮБ; 14Г2; 7Х3;  
35; 70Г; А20.

3. Марганецті болатқа тән қасиетті көрсетіңіз:

- а) қаттылық;
- б) тозуға төзімділік;
- в) иілгіштік;
- г) серпімділік.

4. Табақтық сорттық илем дайындауға арналған болат маркасын ұсыныңыз.

5. Құрал-сайман жасауға арналған көміртекті болат кесу аймағында қай температураға дейін өзінің кесу қасиетін жоғалтпайды:

- а) 200 °С;
- б) 600°С;
- в) 1 000 °С;
- г) 500 °С.

6. Тұрақты магниттерді дайындау үшін пайдаланылатын болаттың маркасын көрсетіңіз:

EX9K15M2; 80HXC; 45; 12Ъ18Н9; 20; 65Г; 11ХФ; Р6М5.

7. Қай элемент болатқа ыстыққа төзімділік қасиетін береді:

- а) мырыш;
- б) алюминий;
- в) кобальт;
- г) кремний.

8. Орташа қоспалаушы болаттағы қоспалаушы элементтердің құрамы қандай:

- а) 3 – 10 %;
- б) 10 % және одан жоғары;
- в) 1 – 3 %;
- г) 50 % және одан жоғары.

9. Ерекше жоғары сапалы болатты көрсетіңіз:

- а) Р6М5;

- б) 50;
- в) 30ХГС-Ш;
- г) 30ХГСА.

10. Осьтік құрал-сайман (қашау, үңгі, бұрғы және т.б.) дайындау үшін қолданылатын болат маркаларын көрсетіңіз:

- а) У9, У9А;
- б) У10, У10А;
- в) У11, У11А;
- г) У8, У8Г, У8ГА.

11. Болаттың құрамындағы көміртек қандай күйде болады:

- а) цементит;
- б) перлит;
- в) аустенит;
- г) феррит.

12. Арнайы шойындар қандай мақсаттарда пайдаланылады:

- а) болатты қышқылсыздандыру үшін;
- б) болаттың шытынауын болдырмау үшін;
- в) жауапкершілікті талап ететін бұйымдарды дайындау үшін;
- г) болатқа жоғары механикалық қасиеттер беру үшін.

13. Шарикті мойынтіректі болаттың құрамында хромның бар екенін қалай көрсетуге болады:

- а) он пайыз үлеспен;
- б) жүз пайыз үлеспен;
- в) мың пайыз үлеспен;
- г) толық пайызбен.

#### 4-нұсқа

1. Дәлдікті өлшейтін аспаптарды дайындау үшін қолдануға болатын болат маркаларын көрсетіңіз:

08Х14Н28ВЗТ3ЮР; ХН75М25ТЮ; 18ХТФ; 15Х28; 15; 50; 70Г; А20; 18ХМТФ; У11.

2. Қандай жағдайда болатты жемірілуге төзімді деп санайтынын жазып көрсетіңіз.

---

---

---

3. Мына магнитті материалдардың маркаларының атауын толық жазып көрсетіңіз: 80НХС —

---

79НМ — \_\_\_\_\_

ЮНДК24 — \_\_\_\_\_

4. Жұлдызшаларды, тісті доңғалақтарды және т.б. дайындауға арналған көміртекті болаттың маркілерін ұсыныңыз.

\_\_\_\_\_

5. Жоғары сапалы болаттар мен қорытпалардың маркілерін жазыңыз. Олардың қызметін көрсетіңіз.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

6. Күкірт болатқа қандай қасиет үстейді:

- а) отқаққа төзімділікті шақырады;
- б) тозу беріктігін азайтады;
- в) жемірілуге төзімділігін азайтады;
- г) кесу арқылы өңделгіштігін жақсартады.

7. Тез кесетін болаттағы көміртектің құрамы қандай:

- а) 0,7... 1 %;
- б) 1.2%;
- в) 0,1 .0,7 %;
- г) 0,5... 1,5 %

8. Қандай бұйымдарды дайындау үшін жоғары хромды болаттар мен қорытпаларды қолданатынын жазыңыз.

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

9. Болаттың мына маркілерінің қолданылу мақсатын көрсетіңіз:

10Г2С2 — \_\_\_\_\_

40ХН2МА — \_\_\_\_\_

ХГС — \_\_\_\_\_

Х12Ф1 — \_\_\_\_\_

EX5K5 — \_\_\_\_\_

10. Конструкциялық болаттарда пайдаланылатын ең көп таралған легирленген элементтердің атауларын жазыңыз.

11. Егер болат маркісінің басында сан көрсетілмесе, онда оның құрамындағы көміртек:

- а) 1 %-дан аз;
- б) 1 % және одан көп;
- в) 0,1%;
- г) 10 %.

12. Магнитті болат пен қорытпалардан қандай бұйымдарды дайындайтынын жазыңыз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

13. Конструкциялық сапалы болат алу тәсілдерін жазыңыз.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

14. Болатты қорытқан кезде домна пештерінде өтетін процестерді қандай үш кезеңге бөлуге болады:

- а) темір тотығынан темірді қалпына келтіру;
- б) \_\_\_\_\_ ;
- в) \_\_\_\_\_ .

15. Шойындардың маркілерінің атауын толық жазыңыз. Олардың қолданылу мақсатын көрсетіңіз:

ВЧ 450-5 — \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

КЧ 380-8 — \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

ЧЮ6С5 — \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

16. Көркем құю үшін қолданылатын шойындағы фосфордың құрамын көрсетіңіз:

- а) 1...2 %;
- б) 0,3...1,2%;
- в) 0,5...1,5 %;
- г) 2...4 %.

## **«ТЕМІРКӨМІРТЕКТІ ҚОРЫТПАЛАР» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ**

### **1-нұсқа**

1. Шойын дегеніміз не?
2. Машина жасауда беріктігі жоғары шойын қандай мақсатта қолданылады? Олардың маркілерін жазыңыз.
3. Болат қорытудың қай тәсілі ең тиімді тәсіл болып табылады? Неліктен?
4. Құрал-сайман жасауға арналған көміртекті болаттарды таңбалаған кезде көміртектің құрамын қанша пайыз үлеспен көрсетеді?
5. Құйма шойынға фосфор қандай қасиет береді?

### **2-нұсқа**

1. Болаттың қай түрлері жоғары легирленген деп аталады? Неліктен?
2. Машина жасауда ақ шойын қандай мақсаттар үшін қолданылады?
3. КЧ 35-10 шойынын таңбалаған кезде 35 саны нені білдіреді?
4. Сапасы әдеттегі көміртекті болаттан дәнекерленген конструкцияларды дайындау мүмкін бе?
5. Машина жасауда төмен легирленген болатты қандай мақсаттарда қолданады?

### **3-нұсқа**

1. Машина жасауда сұр шойын қандай мақсаттар үшін қолданылады?
2. ЧХ28 шойынын таңбалаған кезде 28 саны нені білдіреді?
3. Қандай легирленген элементтер болатқа жемірілуге төзімділік қасиетін береді?
4. Аспап жасауда магнитті болат қандай мақсаттар үшін қолданылады?
5. Темір рудаларынан шойын алудың технологиялық процесі немен байланысты?

### **4-нұсқа**

1. Қорытпа дегеніміз не?
2. Ыстыққа төзімді болат пен қорытпалардың құрамына қандай негізгі компоненттер кіреді?

3. Р6М5 болатты таңбалаған кезде 6 саны нені білдіреді?
4. Болатқа марганец қандай қасиеттер береді?
5. 11ХФ құрал-сайман жасауға арналған легирленген болаттан қандай құралдар дайындайды?

## 5-нұсқа

1. Темір рудасының қайсысында темір өте көп?
2. Құрал-сайман жасауға арналған болатқа қандай талаптар қойылады?
3. Машина жасауда синтетикалық шойынды қандай мақсат үшін қолданады?
4. Шарикті мойынтіректі болаттағы хромның құрамын қандай пайыздық үлеспен көрсетуге болады?
5. Болаттың қай түрін атом өнеркәсібінде жиі қолданады? Неліктен?

**4.1. «ТЕРМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ХИМИЯ- ТЕРМИЯЛЫҚ  
ӨНДЕУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕР**

---

**1-нұсқа**

1. Мына анықтама қандай процеске сәйкес келетінін көрсетіңіз:  
«Теміркөміртекті қорытпаларды қыздыруға және суытуға байланысты олардың ішкі құрылымы мен қасиеттері өзгертін процесс»:
  - а) кристалдану;
  - б) қайта кристалдау;
  - в) термиялық өңдеу;
  - г) химия-термиялық өңдеу.
2. Термиялық өңдеудің қайтарымсыз ақауын көрсетіңіз:
  - а) қатты қыздыру;
  - б) қатты күйдіру;
  - в) жеткілікті деңгейде қатпауы;
  - г) шалыстық.
3. Құйма дайындамалар қандай өңдеуге ұшырайды:
  - а) толық жасытпау;
  - б) толық жасыту;
  - в) диффузды жасыту;
  - г) төмен жасыту.
4. Темір — цементит (2-қосымшаны қараңыз) күйінің диаграммасын қолдана отырып, аустенит қай температураға дейін төзімді болатынын көрсетіңіз:
  - а) *GSE* сызығынан жоғары орналасқан;
  - б) *GSE* сызығынан төмен орналасқан;
  - в) *PSK* сызығынан жоғары орналасқан;
  - г) *PSK* сызығынан төмен орналасқан.
5. Суару температурасын таңдау неге байланысты:
  - а) болаттың құрылымына;
  - б) болаттың химиялық құрамына;

- в) болаттағы көміртектің мөлшеріне;
- г) термиялық өңдеудің алдыңғы тәсіліне.

6. Термиялық өңдеу кезінде болатты не мақсатпен қыздырады:

- а) болаттың құрылымын тегістеу үшін;
- б) болаттың аустенитке өтуі үшін;
- в) болатқа механикалық қасиеттерді беру үшін;
- г) болаттың цементитке өтуі үшін.

7. Жасытқаннан кейін болаттың қалыпқа түсуінің ерекшеліктерін көрсетіңіз:

- а) операцияны жүргізу уақытының айтарлықтай қысқаруы;
- б) механикалық қасиеттердің артуы;
- в) болаттарды барынша көбірек таңдау мүмкіндігі;
- г) өңдеу процесінде бұйымды қатты қыздыру мүмкіндігінің болмауы.

8. Термиялық өңдеуге арналған жабдықты көрсетіңіз:

- а) муфель пеші;
- б) мартен пеші;
- в) конвертер.

9. Болатты тез суытқан кезде қандай аралық құрылымдар пайда болады:

- а) перлит, аустенит;
- б) феррит, цементит;
- в) сорбит, троостит;
- г) қайталама цементит, ледебурит.

10. Термиялық өңдеу кезінде пештегі температураны ненің көмегімен бақылайды:

- а) сынапты термометрмен;
- б) термобумен;
- в) су температурасын өлшеуге арналған термометрмен;
- г) спиртті термометрмен.

11.  $A_{c1}$ – ге тең (2-қосымшаны қараңыз) температураға дейін баяу және үздіксіз қыздырған кезде қандай құрылым пайда болады:

- а) цементит;
- б) перлит;
- в) феррит;
- г) аустенит.

12. Құрал-сайман жасауға арналған болатты жасytудың бірден-бір негізгі түрін көрсетіңіз:

- а) төмен;
- б) диффузды;
- в) толық;

г) толық емес.

13. Тұрпаты күрделі бұйымдарға қолданылатын өңдеу түрін көрсетіңіз:

- а) изотермиялық шынықтыру;
- б) бір ортада шынықтыру;
- в) сатылы шынықтыру;
- г) екі ортада шынықтыру.

14. Шынықтырылған болатты орташа температурада жұмсартқан кезде болатты 350 – 400°C температураға дейін қыздырады. Өңдеу нәтижесінде қандай құрылым пайда болады:

- а) сорбит;
- б) троостит;
- в) қайталама цементит;
- г) бастапқы цементит.

## 2-нұсқа

1. Өзіңізге белгілі жасыту түрлерін көрсетіңіз.

---

---

2. Аустениттің мартенситке өзгеруін қамтамасыз ететін шынықтыру кезіндегі суыту жылдамдығы қалай аталады:

- а) барынша жылдам шынықтыру;
- б) барынша жоғары температурада шынықтыру;
- в) материалды қайта кристалдау;
- г) қатты суыту деңгейі.

3. Болаттың қай түрін қатты қыздыруға болады:

